

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

6

NOVEMBER – DECEMBER 2020

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабаршысы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Б а с р е д а к т о р ы

х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М.Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абылкасымова А.Е. проф., академик (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймұқанов Д.А. проф., академик (Қазақстан)
Баймұратов У.Б. проф., академик (Қазақстан)
Байтанаев Б.А. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велесько С. проф. (Германия)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Кабульдинов З.Е. проф. (Қазақстан)
Қажыбек Е.З. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Қалимолдаев М.Н. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Қамзабекұлы Д. проф., академик (Қазақстан)
Қойгелдиев М.К. проф., академик (Қазақстан)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Таймагамбетов Ж.К. проф., академик (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Шәукенова З.К. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Юлдашбаев Ю.А. проф., РҒА академигі (Ресей)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д.х.н., проф. академик НАН РК
М.Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абылкасымова А.Е. проф., академик (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., академик (Казахстан)
Баймуратов У.Б. проф., академик (Казахстан)
Байтанаев Б.А. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велесько С. проф. (Германия)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Кабульдинов З.Е. проф. (Казахстан)
Кажыбек Е.З. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Калимолдаев М.Н. академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Камзабекулы Д. проф., академик (Казахстан)
Койгельдиев М.К. проф., академик (Казахстан)
Лунашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагьян А.С. проф., академик (Армения)
Таймагамбетов Ж.К. проф., академик (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Шаукенова З.К. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Юлдашбаев Ю.А. проф., академик РАН (Россия)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020

Адрес типографии: «NurNazGRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M.Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abylkasymova A.E. prof., academician (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., academician (Kazakhstan)
Baimuratov U.B. prof., academician (Kazakhstan)
Baitanaev B.A. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velesco S., prof. (Germany)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Kabuldinov Z.E. prof. (Kazakhstan)
Kazhybek E.Z. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Kalimoldayev M.N. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Kamzabekuly D. prof., academician (Kazakhstan)
Koigeldiev M.K. prof., academician (Kazakhstan)
Lupashku F. prof., corr. member (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Tajmagambetov Zh.K. prof., academician (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Shaukenova Z.K. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Yuldashbayev Y.A., prof., academician of RAS (Russia)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 2000 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

Т. Ә. Әпендиев, Е. Ж. Сатов

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан.
E-mail: timur.apendiev@mail.ru; west-side_90@mail.ru

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ҰЛТ ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ БІРҚАТАР МАТЕРИАЛДАР (1820-1840 жж.)

Аннотация. Үш жүздің соңғы ханы Кенесары Қасымұлының тұлғалық қасиеті, басқару үлгісіндегі шеберлігі, соғыс тактикасын жүргізудегі тапқырлығы, саяси аренадағы көрегендігі мен дипломатиялық ұстанымы империялық кезеңнен бастап-ақ қалам тартқан кәсіби тарихшылардың, арнайы қазақ жеріне патша бұйрығымен келген мемлекеттік шенеуніктер және жергілікті жерлердің ақын-жазушыларының зерттеу нысанынан тыс қалмады. Кеңестік кезеңде кәсіби тарихшылардың бірі Ермұхан Бекмаханов бастаған ғалымдар тобы, тәуелсіз Қазақстан тарихшылары мен Хан Кененің тұлғалық қасиетіне бейжай қарамайтын ресейлік ғалымдар да бірқатар еңбектерін дара тұлғаға арнаған болатын. Шыңғыс тұқымынан шыққан Кенесарының басты миссиясы – отарлық экспансияның шынжыры іспеттес XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі реформаларды жойып, бұрынғы хандық билікті қалпына келтіру және үш жүздің басын қосып, азаттыққа қол жеткізу еді. Міне, мұндай батыл қимылды бастауға көптеген кедергіге қарамастан Кенесары хан жеке интуиция мен ел арасындағы жоғары беделін орынды пайдалануға тырысты. Орта Азия хандықтарымен күш біріктіре отырып, алып империяға қарсы шыққан оқиғалар жөнінде маңызды мәліметтер бұл мақаланың зерттеу нысанынан тыс қалмады.

Кенесары Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақтарға қысым көрсеткен Қоқан хандығымен келіс-сөздерден бас тартып, Бұхар әмірімен достық қарым-қатынасты сақтап, оны кейде оқ-дәрімен, қарумен қамтамасыз еткендігі жөнінде ғалымдар еңбегінде құнды мағлұматтар кездеседі.

Сонымен қатар, авторлар аталмыш мақалада 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілістің алғы-шарттары мен тарихи оқиғаға түрткі болған жағдайларға да тоқталған. 1836 жылы бауыры Саржан сұлтан мен әкесі Қасымның қоқандықтардың қолынан қаза табуы Кенесарының шұғыл әрекетке көшуіне септігін тигізгендігі жөнінде тұжырым жасалды. Кенесары ханның Орынбор әкімшілігімен хат алмасу арқылы тығыз байланыс орнатқандығы және сол арқылы патша үкіметімен де мығым қарым-қатынас жасауға да тырысқандығы жөнінде жазылған.

Түйін сөздер: Кенесары Қасымұлы, ұлт-азаттық көтеріліс, реформа, империялық саясат, отаршылдық, революция, реформа.

Шыңғыс тұқымынан шыққан және елдің бодандық бұғауынан арылуы үшін күрескен қазақ сұлтандарының бірі ретінде Кенесары Қасымұлын айтуға болады. Дипломат, бас қолбасшы, ержүрек, Кенесары патшалық Ресейдің хандық билікті жойып, қазақ жерін басқаруды мақсат тұтқан 1822-1824 жылдардағы реформалар жүйесіне қарсы шығып, батыл әрекетімен қалың бұқараның қолдауына ие болды. XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы тарихи ахуал мен орта азиялық хандықтардың опасыздық әрекеттері хан Кененің батыл әрекетке көшуіне әсерін тигізді.

Көрнекті тарихшы, патшалық шенеуніктердің арнайы бұйрығымен жазылған еңбектер, географ-саяхатшылардың күнделіктері және т.б. тарихи зерттеулердің негізгі нысанына айналған Абылай ханның ұрпағы, батыр Қасым сұлтанның баласы үш жүздің соңғы ханы Кенесары 1802-1847 жылдар аралығында өмір сүрген. 1837-1847 жылдары патшалық Ресейдің бодандық бұғауына қарсы көтеріліс ұйымдастырып, 1841 жылы хандық билікті қалпына келтірген дара тұлға.

Ал енді Кенесары жөнінде империялық кезеңнің зерттеушісі Красовский былай деп жазған болатын: «1838 жылы Далалық аймақтың біраз бөлігі Ресейге толық бағынғанымен, орта жүз

ордасының бірқатар иеліктері өздерін еркін ұстауға тырысты. Әсіресе, 1836 жылы бауыры Саржан сұлтан қайтыс болған соң, тарих сахнасына Абылайдың немересі, Қасым сұлтанның баласы Кенесары шықты. Саржан сұлтанның ташкенттіктер қолынан қаза табуы жағдайды ушықтырып жіберді. Ресейдің саяси ахуалына көңілі толмаған қырғыздар ақыл-кеңес сұрау мақсатында Қасым сұлтанға бет алды. Алайда әкесінің ел ішіндегі беделі төмен болғандықтан, Кенесарының батыл тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері оның негізгі тұлға екендігін анық байқатты. 1837 жылдың басында-ақ округтік дала приказдар қырғыз халқының ресейлік биліктен бөлініп, Кенесары туының астына бірігу үдерісін бастағандығын анық байқады. Кенесарының маңайына бауыры Саржанның балалары, Бопан ханшайым және т.б. бірікті. 1838 жылдың басында Кенесары Үлкен орда мен орта жүз руларының бірқатар аймақтарына жорықтар ұйымдастыра бастады. Патша үкіметі Кенесарының іс-әрекетін казактарға бақылауға тапсырды. Казактардың қыспағынан құтылу мақсатында Кенесары Кіші Ордаға барып, сол жақтың бұқарасымен бірікті. Себебі жергілікті халық патша үкіметіне қарсы пиғылда болатын. Нәтижесінде Кенесары казактардың әскери отрядына қарсы қол жинай бастады. Орынбор, Торғай далалары шайқас алаңына айналды. Кенесары Орынбордың өзіне қосылуға қарсы шыққан қырғыздарды жазалап, Троицк аймағының керуендерін тонады. 1838 жылы 25 мамырда Ақмола бекінісінің бір бөлігін өртеп жіберді» [1]. Әрине, империялық кезеңде жазылған Красовскийдің шығармасында Кенесары ханның жорықтары жөнінде біршама толық мағлұматтар бар. Автор: «Кенесары ханнан кейін күні бүгінге дейін батыл ұмтылыс жасаған қырғыздар болмады. Тек патша үкіметіне сын көзбен қараған жекелеген аймақтың қырғыздарын ғана айтуға болады. Мәселен, Қарқаралы округінің қырғыз болыстары Қытайға көшуге тырысса, Ақмола мен Қарқаралының оңтүстік ауылдарының казактары Шу өзені арқылы қоқандықтарға қосылуға ұмтылған болатын. Алайда 1822 жылғы жарғыға қарсы ашық көтерілген қырғыздар болмады», – деп Кенесарының батыл әрекетін ашық мойындап отыр [1].

Қасым төренің ұлы сұлтан Саржан бытыраңқы отрядтарды біріктіріп, қазақ жерлерін отарлау саясатына қарсы шықты. Патша жазалаушы отрядтарымен тығыз байланыста болған сұлтан Саржан өз жақтастарымен бірге Қоқан бегінің қолдауына ие болуға үміттеніп, Қоқан хандығының шекарасына қоныс аударды. Мұнда 1836 жылы Саржан Қоқан билеушісінің нұсқауымен жауыздықпен өлтірілді, 1840 жылы Кенесарының әкесі Қасым төре және оның басқа да жақындары қаза тапты. Қасым сұлтанның Қоқан бекеттерін оның патшалықтың отаршылдық ұмтылыстарына қарсы күресінде қолдауға деген үміті ақталмады. Алайда сұлтан Қасым мен оның ұлдарының күресі, стихиялық, ұйымдастырылмаған сипатқа қарамастан, сұлтан, одан кейін Кенесары хан (1802-1847) басшылығымен отаршылдыққа қарсы күштерді одан әрі шоғырландыруда маңызды болмады. Кенесары Қасымов патша әскерлерінің жаппай сөз сөйлеуі салдарынан үш ауданның тәуелсіздігіне қауіп төнген жағдайда Абылай хан ісін жалғастырушы ретінде тарихи аренаға шықты.

Кенесары сұлтан Қасымов «епті, өзіндік саясаткер» ретінде Ресей сияқты қуатты державаға қарсы күрес үш қазақ жүзінің күштерін біріктіруді, елеулі құрбандарды, тек әскери ғана емес, сондай-ақ дипломатиялық күш-жігерді де пайдалануды талап ететіндігін өз мойнына алды. Ол халық қозғалысынан бөлініп шыққан жеке сұлтан, старшина, билердің ерік-жігерін аяусыз басып, Ресей саясатын қолдайтындарға қатаң қысым көрсетті, бірақ патша үкіметімен түсініспеушіліктерді бейбіт жолмен шешуді жақтады. Ол әскери тұтқындарға, оның ішінде орыстарға да шыдамдылық танытты, олардың кейбіреуі оған қызмет етті, орыс елшілерін сыпайы қабылдады және қырғыздармен болған қақтығыс кезінде көрінбестен, қатыгездікті байқамады, дегенмен көтеріліс мүддесін сатқандарға, әскери тәртіпті бұзғандарға жиі ашуланды. Бұл туралы ақын, жауынгер Нысанбай белсенді қатысқан «Кенесары-Наурызбай» поэмасы айғақтайды.

Соған қарамастан Кенесары Қасымов үш жүздің қазақ руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре алды. Кейде оның әскерлерінің саны 20000 адамға жетті. Қазақ сұлтандарының басым бөлігі, негізінен орта жүз көтеріліске қосылды. Омбы облыстық басқармасының сот-жазалау мекемелері жинаған мәліметтер бойынша тек Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл округтерінде көтерілісшілерді 80-нен астам сұлтан, би, старшиналар қолдады. 23 жасынан бастап, азаттық қозғалысына белсене қатысып, ағалары мен әкесінің өліміне әкеп соққан жағдайдың қасіретіне көз жеткізіп, Кенесары Сырдарияның төменгі ағысындағы казактарға қысым

көрсеткен қоқандықтармен келіссөзден бас тартты, дегенмен ол Бұхар әмірімен достық қарым-қатынасты сақтап, оны кейде оқ-дәрімен, қарумен қамтамасыз етті [2].

Революцияға дейінгі жарық көрген еңбектердің бірі ретінде көрнекті ғалым Николай Середаның «Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847)» жұмысын атап өтсек болады [3]. Аталмыш кітапта үш жүздің соңғы ханы Кенесарының жеке қасиеттері мен оның көшбасшылығымен өткен көтеріліс жөнінде құнды мәліметтер келтірілген. Сөзімізді дәйектейтін болсақ, автор: «Ержүрек, батыл қасиеттері бар Кенесарыны көшпелілер өте құрметтейтін, ал оның қоластындағы әскери топтар ханның бұйрығын толық орындайтын. Оның бойында еріксіз өз руластарын тартатын бір импульс болды және оны жақтаушылардың саны күн сайын артты. Бір сөзбен айтқанда, Кенесары өз отрядтарының лайықты шебері болуды білді. Еуропалық әскерлердің кез-келген қолбасшысы өз жақтастарын шабыттандырған рухқа қызғанышпен қарар еді», – дей келе Кенесарының жеке тұлғалық қасиетін дәріптеген [3]. Сондай-ақ еңбекте Хиуа, Ресеймен Кенесарының қарым-қатынасы жөнінде мынадай мәліметтер келтірілген: «Өзінен бұрынғыларға қарағанда ақылды бола отырып, саяси айлакерлігі мен шешендігі жағынан олардан әлдеқайда асып түсті, ол мақсатқа жақын әрі сенімді жүрді. Хиуамен жасырын байланысқа түсіп, біртіндеп көтеріліске дайындалып, Кенесары белсенді түрде Орынбормен хат-хабар жүргізуді ұмытпады [3].

Кенесарының көтеріліс барысы жөнінде мынандай мәліметтер келтірілген: «Сонымен қатар, Кенесары Орынбор қырғыздарының арасында еркін жүріп, өзінің шабармандарын және оның ордаға ықпалын едәуір күшейте алды, ол аз ғана жағдайларды ескеріп, оны өзінің ханы деп таныды, бұл ақылды саясаткер Қасымов өз басшыларынан мұқият жасыруды білді. Орынбор басшылығын өзінің мойынсұнушылығымен алдап, Орта Азия иелерінің көз алдында Кенесары тәуелсіз билеуші болуды білді. Генерал Перовскийдің кешіріміне иелік еткеннен кейін және орыс отрядтарының қудалауынан құтылған Кенесары әкесінің опасыздықпен өлімі үшін Ташкент бекінен кек алуды қалап, Бұхара әмірімен одақтасып, Қоқанға соғыс жариялап, Созақ пен Ташкентті бір уақытта қоршауға алып, әскери әрекеттерді бастайды» [3]. Әрине, бұл орайда Кенесары Қасымұлы ағасы мен әкесінің кегін қайтару мақсатында жорыққа әбден дайындалған болатын. Бұхара әмірі Қоқандағы жаңа жорыққа дайындалып, Кенесарымен одақтың жанаруын қалайды, оған толық тәуелсіздігін сақтай отырып, оның хандығына ең жақсы жерлерді тағайындауды ұсынады. Ташкент басшысынан кек алу мақсатында бүлікшіл сұлтан Бұхарамен жаңа одаққа келісім берді. Осылайша, екі тарап та ұсынылған одақтың артықшылықтарын өте жақсы түсінді. 1843 жылдан бастап, Қоқандағы әскери қимылдарды қайта бастау туралы шешім қабылданды және Кенесарыға Қоқан күшін талқандау және сол арқылы Бұхар әмірі үшін Қоқан хандығын жаулап алуды жеңілдету үшін Ташкентті өз әскерлерімен басып алу туралы нұсқау берілді [3].

М.А. Терентьев [4] және А.И. Макшеев [5] кейінгі еңбектерінде Қ.Қасымов көтерілісінің тарихына да тоқталып, оны қазақ дворяндары өкілінің бүлігі деп бағалады. Терентьев дала жағдайында Орынбор мен Батыс Сібір билігі әскери құрамдас бөлігінің Кенесарыны бағындыруға бағытталған саясаттың төмен тиімділігіне тоқталды.

Қазақстандағы орыс саясатын зерттеуге елеулі үлес қосқан А.И. Добросмыслов Сұлтан көтерілісіне жеке бөлім арнап, онда Середа суреттеген оқиғаларды қысқаша баяндап берді, сонымен бірге әскери операциялар, Кенесары көтерілісіне қатысты Омбы мен Орынбордың саясаты туралы жаңа мәліметтерге сүйенді [6].

19 ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстан тарихын және осы кезеңдегі ұлттық көтерілістерді терең зерттеген ғалым Бекмахановтың «Қазақстан 19 ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясы болды. Ондағы басты назар Қ.Қасымов көтерілісіне аударылды. Оның пікірінше, бұл – Қазақстанның отарлық құлдығын кейінге шегеріп, прогрессивті, ұлт-азаттық сипаттағы тарихи оқиға. Ғалымның жеке тұжырымы бойынша, Ресейге қосылу туралы көзқарас екі түрлі болды: Бекмаханов бұл үдерісті прогрессивті деп санады, өйткені ол дамудың жаңа экономикалық формаларының пайда болуына әкелді, бірақ оның әдістері қолайсыз деп саналды [7].

2002 жылы диссертациясында Ж.Д. Құсайынова «Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыс тарихнамасы», көтерілісті революцияға дейінгі, кеңестік, қазіргі қазақ және шетелдік тарихнамада зерттеуді жалпылауға тырысты [8].

XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ жеріндегі тарихи ахуалға қатысты зерттеулердің бірі – бас штаб полковнигі А.Г.Серебренников дайындаған «Түркістан өлкесін жаулап алу

тарихына арналған материалдар жинағы» атты құжаттар тізбегі. Аталмыш жинақта 1930-1940 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты және Ресейдің Орталық Азиядағы саясатының көптеген аспектілері бойынша маңызды құжаттар бар [9].

Зерттеуші Ж.Д. Құсайынова «Национально-освободительное движение казахского народа под предводительством Кенесары Касымова: вопросы методологии изучения» атты мақаласында Кенесары Қасымұлының көтеріліс жөнінде төмендегідей мәліметтер келтіреді: «Кенесары тактикасындағы қарама-қайшы сәттердің бірі бүкіл қозғалыс кезінде бүлікшілер қатарына қосылмаған ауылдарды жеңу болды. Күрестің шарықтау кезеңінде оның әлсіз жақтары ашыла бастады. Оның бекерлігі айқын сезілді, өйткені күштер тең болмады: патшалық Ресейдің тұрақты әскерлері өздерінің дипломатиялық тәсілдерімен бірге осындай қауіп төндірді. Сонымен қатар, үздіксіз әскери жағдай жағдайында Кенесары ұрандары мен оның қанаушылық, жеке билікті күшейту мақсаттары арасында қайшылықтар пайда болды, өйткені Кенесары мен оның жақын туыстары ірі феодалдарға айналды. Бірақ, соған қарамастан, халықтың кең әлеуметтік қабаттарын қамтитын үлкен территориядағы халық бұқарасының демонстрациясы ұлт-азаттыққа жатады. Жалпы 1837-1847 жылдардағы қозғалыс Қазақстандағы басқа ұлттық қозғалыстар сияқты қазақ қауымдастығының сақталуын, қазақ қоғамы мен оның әртүрлі институттарының тұрақтылығын жақтады. Әртүрлі қабаттардың, топтар мен таптардың мүдделері осыған сәйкес келді. Осының негізінде оларды прогрессивті үдеріс ретінде бағалауға болады» [10]. Яғни хан өзінің билігіне қарсы шыққан елдімекендерге шабуыл жасап, қалың бұқара мен билік арасындағы алшақтыққа жол бергендігі жөнінде мәліметтер келтірген болатын.

Отандық шоқтығы биік тарихнамашы ғалымдардың бірі О.Х. Мұхатова 1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс жөнінде жазған ғалымдардың еңбектеріне кешенді талдау жүргізген. Мәселен, «Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс туралы зерттеулер. Хан Кененің өмірі мен мемлекеттік қызметі Е.Ж. Уәлихановтың зерттеуінде көрініс тапты. Тарихшы қозғалыстың басынан аяғына дейін тарихи жазба деректер бойынша егжей-тегжейлі қарастырды. Хан Кененің ұйымдастырушылық, қолбасшылық, елбастаушылық қабілеттерімен қоса қаталдығын, талапшылдығын, әділеттілігін көрсетті. Кенесарының хан болуға ұмтылысын автор біршама өзше түсіндірді», – деген тұжырым жасайды [11]. Сондай-ақ Мұхатова Кенесары хан жөнінде жазылған еңбектерге талдау жасай келе, мынадай мәліметтер келтіреді: «Қасымбаев аталған монографиясында Кенесары ханның Жетісуға көшіп келуінің және оның құрбан болуының шынайы картинасын қалпына келтіруге талпыныс жасалды. Басты назар аймақтағы күштердің орналасуына және Хан Кене және оның жақындарының Майтөбеде құрбан болу ахуалына аударылды. Кенесары сұлтанның Жетісу жеріне келуге мәжбүр болғандығын тарихи деректер негізінде дәлелдеді. Е. Уәлиханов бұл мәселені тереңірек қарастырып, Кенесарының ұлы жүз аумағына келуінің себептерін Орталық Азия хандықтары мен Ресей империясының осы аймақты басып алу қаупінің болуымен, Шу, Сарысу өзендерінің жоғарғы ағысы және Қызылқұм жерлерінде мемлекетін дамытқысы келуімен, патша үкіметінің алым-салықтарды көбейтуінің салдарынан орта жүздің көптеген ауылдардың Кенесарыдан қол үзуімен, әскерінің материалдық базасын жақсартуды көздеуімен түсіндірді. Авторлар ұлы жүз билеушілерінің Кенесарыға қатысты екіжақты саясат ұстанғандарын, ханды мойындамағандары туралы жазды» [11].

Қорыта айтқанда, Кенесары Қасымұлы өз заманының ірі тарихи тұлғасы ретінде қазақ жерінде хандық билікті қалпына келтіруге тырысты. Бұл орайда Орта азиялық хандықтармен екі бағытта саяси атмосфера қалыптастыра отырып, өзінің беделін арттыруға тырысты. Әрине, көтерілістің стихиялылығы, әскери техникалық ахуалдың әлсіздігі, ортақ мақсаттың берік болмауы, ішкі феодалдық тәртіптің толықтай жойылмауы сынды келеңсіз құбылыстар елдің негізгі аймағын қамтыған көтерілістің жеңіліс табуына әкеп соқтырды. Ұлт-азаттығы үшін бағытталған көтеріліс жеңіліс тапқан соң, патша үкіметі өзінің экспансиялық саясатын одан сайын үдете түсті. 1854 жылы Семей ішкі округі (облысы) құрылып, қоныстандыру әрекеті күшейді. Көп ұзамай, XIX ғасырдың орта шенінде үш жүз аумағында әкімшілік, азаматтық билік генерал-губернатордың қолына шоғырланған реформалық саясат қабылданды. Ел аумағында 1845 жылға дейін сақталып келген Бөкей ордасының территориясы 1872 жылдан бастап, Астрахань губерниясына жатқызылды. Осылайша, ел аумағында хандық биліктің барлық элементтері жойылды.

Т. А. Апендиев, Е. Ж. Сатов

Институт истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

НЕКОТОРЫЕ МАТЕРИАЛЫ, КАСАЮЩИЕСЯ ДВИЖЕНИЯ КЕНЕСАРЫ ХАНА ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ НЕЗАВИСИМОСТЬ (1820-1840 гг.)

Аннотация. Личность последнего хана из трех жузов Кенесары Касымулы, его управленческие способности, смекалка в ведении военной тактики, дальновидность и дипломатическая позиция на политической арене нашли отражение в трудах профессиональных историков, государственных чиновников и местных поэтов и писателей, прибывших в Казахстан по царскому указу. В советское время группа ученых во главе с одним из профессиональных историков Ермуханом Бекмахановым, отечественные историки независимого Казахстана и российские ученые, неравнодушные к личности хана Кене, также посвятили ему ряд своих работ. Основная миссия Кенесары, потомка Чингисхана, заключалась в свержении реформ первой четверти XIX века как цепи колониальной экспансии, в восстановлении бывшего ханства, объединении трех династий и достижении свободы. Несмотря на множество препятствий на пути к такому смелому шагу, Кенесары хан попытался использовать свою личную интуицию и высокий авторитет в стране. Важная информация о событиях, произошедших против гигантской империи, объединившей свои силы с ханствами Средней Азии, не осталась без внимания авторов данной статьи.

Кенесары Касымов сумел собрать вокруг себя советников и героев, самых влиятельных и активных граждан народа против колониального гнета. В борьбе за возвращение земель, захваченных царским правительством, Кенесары опирается на опыт среднеазиатских ханств в организации войск. Он разделит свою армию на сотни и тысячи отрядов и назначил их командиров. Нарушители воинской дисциплины строго наказывались. Основной целью внешней политики Кенесары было создание независимого Казахского ханства. Для достижения этой цели он искал поддержку у среднеазиатских ханств, вмешиваясь в их внутренние дела и пытаясь склонить на свою сторону их правителей. Он отправил послов к хану Хивы и эмиру Бухары для установления контактов. Это увеличило бы торговлю со странами Центральной Азии, и можно было закупить у них необходимое оружие и боеприпасы.

Кенесары был схвачен и убит во время казахско-киргизского столкновения на горе Кекилик, инспирированного российскими войсками. Как борьба Кенесары за независимость, так и его ожидание положительного результата совместными усилиями тюркских народов ясно показывают, что он политик широкого взгляда и дальновидный стратег.

В трудах ученых содержится ценная информация о том, что Кенесары отказывался вести переговоры с Кокандским ханством, которое оказывало давление на казахов в низовьях Сырдарьи, поддерживало дружеские отношения с эмиром Бухары и иногда снабжало его боеприпасами и оружием.

Авторы акцентируют внимание на предпосылках национально-освободительного восстания 1837-1847 годов и обстоятельствах, приведших к историческому событию. Смерть его брата Саржана Султана и отца Касыма от рук кокандцев в 1836 году стал толчком для Кенесары, чтобы принять незамедлительные меры. То есть были выявлены исторические факторы, приведшие к восстанию, охватившему основную территорию трех жузов.

В статье говорится, что Кенесары хан установил тесные связи с администрацией Оренбурга путем переписки и таким образом пытался установить прочные отношения с царским правительством. Выявлены особенности национально-освободительного восстания и сделаны эталонные концепции. Восстание Кенесары Касымулы, известного как последний хан алашского народа, дало толчок местному восстанию казахов Сырдарьи. Был представлен ряд фактов об историческом значении восстания, показывающих, что имперский колониализм ослабил железную цепь.

В дореволюционный период о Кенесары Касымовиче было много исследований. Исторические труды, географические труды, политическая и дипломатическая переписка, написанные по прямому приказу царского правительства и государственных чиновников, прямо или косвенно заявляли о национально-освободительном восстании. В советское время о восстании писали многие профессиональные историки, несмотря на запрет правительства на публичность и всесторонние исследования. После восхождения на трибуну независимости секретная информация о Кенесары была раскрыта, и комплексные исследования расширяются. При прямой поддержке властей имя последнего хана из трех жузов достигло в народе высокой известности и исторической справедливости.

Ключевые слова: Кенесары Касымулы, национально-освободительное движение, реформа, имперская политика, колонизация, революция, реформа.

T. Apendiyev, E. Z. Satov

Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

**SOME MATERIALS RELATED TO THE NATIONAL INDEPENDENCE
OF KENESARY KHAN'S MOVEMENT**

Abstract. The personality of the last khan of the three zhuzes, Kenesary Kasymuly, his managerial abilities, ingenuity in military tactics, foresight and diplomatic position in the political arena are reflected in the works of professional historians, government officials and local poets and writers who arrived in Kazakhstan by the tsarist decree. In Soviet times, a group of scientists headed by one of the professional historians Yermukhan Bekmakhanov, domestic historians of independent Kazakhstan and Russian scientists, not indifferent to the personality of Khan Ken, also dedicated a number of their works to the personality.

The main mission of Kenesary, a descendant of Genghis Khan, was to overthrow the reforms of the first quarter of the 19th century as a chain of colonial expansion, to restore the former Khanate, unite the three dynasties and achieve freedom. Despite many obstacles on the way to such a bold step, Kenesary Khan tried to use his personal intuition and high authority in the country. Important information about the events that took place against the giant empire, which united its forces with the khanates of Central Asia, did not go unnoticed in this article.

Kenesary Kasymov managed to gather around him advisers and heroes, the most influential and active citizens of the people against colonial oppression. In the struggle for the return of the lands seized by the tsarist government, Kenesary relies on the experience of the Central Asian khanates in organizing troops. He divided his army into hundreds and thousands and appointed captains and commanders. Violators of military discipline were severely punished. The main goal of Kenesary's foreign policy was the creation of an independent Kazakh Khanate. To achieve this goal, he sought the support of the Central Asian khanates, interfering in their internal affairs and trying to win over their rulers. He sent ambassadors to the khan of Khiva and the emir of Bukhara to establish contacts. This will increase trade with the countries of Central Asia and purchase the necessary weapons and ammunition from them.

The works of scientists contain valuable information that Kenesary refused to negotiate with the Kokand Khanate, which put pressure on the Kazakhs in the lower reaches of the Syr Darya, maintained friendly relations with the Emir of Bukhara and sometimes supplied him with ammunition and weapons.

Kenesary was captured and killed during the Kazakh-Kyrgyz confrontation on the Kekilik mountain, inscribed by Russian troops. As the struggle of Kenesary for independence, so his expectation of a positive result by the combined efforts of the Turkic peoples clearly shows that he is a politician with a broad vision and far-sighted strategist.

The authors focus on the preconditions for the national liberation uprising of 1837-1847 and the circumstances that led to the historical event. The death of his brother Sarzhan Sultan and father Kasym at the hands of the Kokand people in 1836 gave an impetus to Kenesary to take immediate measures.

The article says that Kenesary Khan established close ties with the Orenburg administration through correspondence and thus tried to establish strong relations with the royal government. The features of the national liberation uprising are revealed and reference concepts are made. The uprising of Kenesary Kasymuly, known as the last khan of the Alash people, gave impetus to the local uprising of the Kazakhs of the Syr Darya. A number of facts about the historical significance of the uprising were presented, showing that imperial colonialism weakened the iron chain.

In the pre-revolutionary period, there was a lot of research about Kenesary Kasymovich. Historical works, geographical works, political and diplomatic correspondence, written on the direct orders of the tsarist (royal) government and government officials, directly or indirectly declared a national liberation uprising. In Soviet times, many professional historians wrote about the uprising, despite the government's ban on publicity and comprehensive research. After ascending the rostrum of independence, secret information about Kenesary was revealed, and complex studies are expanding. With the direct support of the authorities, the name of the last khan of the three zhuzes reached high fame and historical justice among the people.

Key words: Kenesary Kasymuly, national liberation movement, reform, imperial policy, colonization, revolution, reform.

Information about authors:

Apendiyev T.A., PhD, Head of the Department of Historical Demography and the Assembly of People of Kazakhstan, Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, leading researcher, Almaty, Kazakhstan; timur.apendiev@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-4279-3921>

Satov E.Z., Junior research officer of the Institute of history and ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov, Almaty, Kazakhstan; west-side_90@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-2443-5880>

ӘДЕБИЕТ

- [1] Красовский. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Область сибирских киргизов. 1868, 106 стр. СПб. Часть 3.
- [2] <http://edu.e-history.kz/ru/contents/view/272>
- [3] Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847) / Н. Серeda. – Атырау: Отд-ние Каз. фонда культуры: Фирма "Диалог", 1992. – 214.
- [4] Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. СПб. 1906. Т. I
- [5] Макшеев А.И. Исторический обзор Туркестана и наступательного движения в него русских. – СПб.: Военная типография, 1890.
- [6] Добросмыслов А.И. Тургайская область. Исторический очерк. Т. I. Вып. 1. Оренбург, 1900.
- [7] Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 годы XIX в. Алма-Ата, 1947. – С. 360-361.
- [8] Кусаинова Ж.Д. Историография национально-освободительного движения под предводительством Кенесары Касымова (1834-1847гг.). Дисс. на соиск. уч. степ, к.и.н. 2002.
- [9] Сборник материалов для истории завоевания Туркестанского края. Т. I. 1839 год / Сост. А.Г. Серебrenников. Ташкент, 1908
- [10] <https://articlekz.com/article/17694>
- [11] <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1447>

REFERENCES

- [1] Krasovsky. Materials for geography and statistics of Russia, collected by officers of the General Staff. Siberian Kirghiz region. 1868, 106 pp. SPb. Part 3.
- [2] <http://edu.e-history.kz/ru/contents/view/272>
- [3] Revolt of the Kyrgyz Sultan Kenesary Kasymov (1838-1847) / N. Sereda. Atyrau: Branch Kaz. fund of culture: Firm "Dialogue", 1992. 214 p.
- [4] Terentyev M.A. The history of the conquest of Central Asia. SPb. 1906.Vol. I.
- [5] Maksheev A.I. Historical overview of Turkestan and the offensive movement of the Russians into it. SPb.: Military printing house, 1890.
- [6] Dobrosmyslov A.I. Turgai region. Historical sketch. T. I. Iss. 1. Orenburg, 1900.
- [7] Bekmakhanov Ye.B. Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century Alma-Ata, 1947. P. 360-361.
- [8] Kussainova Zh.D. Historiography of the national liberation movement led by Kenesary Kasymov (1834-1847). Diss. for a job. uch. step, Ph.D. 2002.
- [9] Collection of materials for the history of the conquest of the Turkestan region. T. I. 1839 / Comp. A.G. Serebrennikov. Tashkent, 1908.
- [10] <https://articlekz.com/article/17694>
- [11] <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/1447>

**Publication Ethics and Publication Malpractice
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*
Верстка на компьютере *Д. А. Абдрахимовой*

Подписано в печать 10.12.2020.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
23,6 п.л. Тираж 500. Заказ 6.